

«БІЛІМ БЕРУДЕГІ ПРАКТИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯ»

ҚОСЫМША (MINOR) БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Кімге арналған: "Білім берудегі практикалық психология" (Minor) бағдарламасы барлық Major білім беру бағдарламаларының студенттеріне арналған.

Бағдарламаның өзектілігі: қазіргі қазақстандық қоғам әлемнің көптеген дамыған елдеріне тән елеулі демографиялық, экономикалық және технологиялық трансформация кезеңін бастан кешуде. Бұл өзгерістер жаңа қатерге алып келеді, балаларды тез өзгеретін жағдайлардағы өмірге дайындауға жоғары талаптар қояды, сыни ойлау, жаңа өмірлік ұстанымдарды қалыптастыруды, жағымды құндылықтары бар тұлғаны дамытуды, өзі және өзінің тағдыры үшін жауапкершілік алуға қабілетті жауапты азаматты қалыптастыруды талап етеді. Қалыптасқан жағдайда білім беру жүйесіне қойылатын талаптар артады, өйткені елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін инновациялық экономика мен білім экономикасын, қоғам мен мемлекеттілікті дамытудың маңызды әлеуметтік-экономикалық факторы ретінде адами капитал аса маңызды болып отыр.

Осыған байланысты "Білім берудегі практикалық психология" бүгінгі таңда біздің елімізде және әлемде ең танымал психологиялық мамандандудың бірі болып табылады. Білім берудегі практикалық психология білім беру үдерісіне қатысушылардың (оқушылар мен педагогтар, тәрбиеленушілер мен тәрбиешілер, білім беру мекемесінің әкімшілігі, атааналар және т.б.) психикалық денсаулығын сақтау және нығайту (дамыту) үшін қолайлы жағдай жасау мақсатын көздейді.

Негіздеме: бағдарлама білім беру психологиясы саласындағы зерттеу, тәжірибелік және білім беру міндеттерін шешуге қабілетті, психологиялық диагностика, кеңес беру және түзету құзыреттіліктерін жұмыста қолдануға, белгілі бір білім беру ортасында балаларды дамыту мен оқытудың жеке траекторияларын жобалауға және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге қабілетті заманауи маман дайындауға бағытталған.

Мақсаты: тәрбие мен дамудың тұтас үдерісін психологиялық қолдау үшін практикалық психологтарды даярлауды қамтамасыз ету.

Бағдарламаның сипаттамасы:

1. (Minor) бағдарламасы 3 пәннен тұрады, әр пән 5 кредит, қорытындысында білім алушы 15 кредит меңгеруі тиіс.
2. «Білім берудегі практикалық психология» (Minor) бағдарламасы пререквизиттерді қажет етпейді.
3. Бакалавр дәрежесі үшін кредиттер саны өзгеріссіз қалады - 240 кредиттен кем емес.

БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ:

Пән атауы	Пәннің сипаттамасы	Қалыптасатын оқыту нәтижелері
Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет	Психологиялық білім беру қызметінің тарихы мен қазіргі жағдайы. Психологиялық білім беру қызметінің	ОН 1 - Кәсіби қызметінде психикалық тұлға үрдістердің, тұлға қасиеттерінің феномендері мен заңдылықтарын жас

	<p>теориялық негіздері. Білім берудің психологиялық қызметінің мақсаты мен міндеттері. Психологиялық қызметтің өзекті және келешектегі бағыттары. Қызмет құрылымы. Білім беру мекемесіндегі психологтың кәсіби орны. Психолог жұмысының мазмұны.</p>	<p>ерекшелік аспектілерін ескере отырып қолданады. ОН 2 - Білім берудің интегративті модельдерін жүзеге асыру мақсатында арнайы (түзету) және жалпы білім беретін мекемелер жағдайында түзету-педагогикалық қызметті жүзеге асырады.</p>
<p>Білім беру жүйесіндегі психолог іс-әрекетінің мазмұны</p>	<p>Білім беру психологының практикалық іс-әрекеті негізі ретіндегі психодиагностика. Педагог-психолог іс-әрекеті жүйесіндегі психологиялық кеңес беру. Психокоррекция білім беру мекемелеріндегі практикалық психолог іс-әрекеті бағыты ретінде. Психологиялық ағарту және психологиялық алдын-алу. Мектеп психологының даму жүйесі. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу. Психологиялық педагогикалық консилиум.</p>	<p>ОН 1 - Білім берудің интегративті модельдерін жүзеге асыру мақсатында арнайы (түзету) және жалпы білім беретін мекемелер жағдайында түзету-педагогикалық қызметті жүзеге асырады. ОН 2 - Диагностикалық, консультациялық, психотерапиялық, түзету-дамыту және ағартушылық қызметтің әдістері мен тәсілдерін салыстырады. ОН 3 - Дағдарыс/төтенше жағдайларда зардап шеккендерге, мінез-құлқы ауытқыған адамдарға олардың әлеуметтік психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып психологиялық көмек бағдарламаларын жобалайды.</p>
<p>Педагог-психологтың әртүрлі жас топтарымен жұмыс технологиясы</p>	<p>Мектепке дейінгі білім беру сатысындағы; жалпы бастауыш білім беру сатысындағы; жалпы негізгі білім беру сатысындағы; жалпы орта білім беру сатысындағы педагог-психолог қызметінің мазмұны. Мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларды; дарынды балаларды психологиялық сүйемелдеу</p>	<p>ОН 1 - Білім берудің интегративті модельдерін жүзеге асыру мақсатында арнайы (түзету) және жалпы білім беретін мекемелер жағдайында түзету-педагогикалық қызметті жүзеге асырады. ОН 2 - Психолог мамандығының әлеуметтік маңыздылығын түсінеді, кәсіби этика қағидаларын сақтай отырып, кәсіби міндеттерді жауапкершілікпен және сапалы орындайды.</p>